

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

Директорының м.а

А.Н.Аралов

**Майқоныр жалпы орта білім беру мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ**

1. Майқоныр жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие жүйесінің құрылымы:

- тақырыбы;
- тәрбие жұмысының мақсаты;
- тәрбие жұмысының бағыттары;
- тәрбие жұмысының міндеттері;
- күтілетін нәтижелер;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

Міндеттері: білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру; қоғамның тәрбиенің басым ролін түсінуіне көмектесу; білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

Нысаны: білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмысының бағыттары:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген
2. Мемлекеттік органдар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, ата-аналармен бірлескен жұмыс.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;

елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;

Өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

Басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

Өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

Құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына; Заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; Әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту. Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. АРБ бағдарламасы аясында ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Балалардың және жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Балалар және жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», «Мен және заң», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам мүддесіне деген опасыздыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

Іске асыру механизмдері Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру. Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы мен Гимнін, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша фестивальдер және байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): этноэлеуметтік рөлдерге;

өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

Іске асыру механизмдері Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Репродуктив денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу; «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында ата-аналарды оқыту, жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері үшін «Отбасылық өмір этикасы» электив курсын кіргізу; ата-аналардың мектеп өміріне қатысу; әкелер, әжелер клубтары; ақсақалдар алқасы; мемлекеттік тапсырыс арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық жаппай оқу; мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмыстарын қалпына келтіру; балалар мен жастардың қосымша білім беру нысандарына ақысыз негізде қол жеткізуін ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, байқаулар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» жарыстары арқылы жүзеге асырылады.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын

сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру мен абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысы және «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында волонтерлық қозғалыстар, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, табиғат зоналарын қоқыстан тазартуға қатысу.

Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпқорлармен кездесулер, тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары; «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің, оқу шеберханалары мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүзеге асырылады.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;

зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпараттың түрлі дереккөздеріне;

қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына; өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; ақпарат дереккөздерін таңдау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға;

ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, оқу пәндері, электив курстар, қызығушылығы бойынша үйірмелер және сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыстар; сабақтан тыс қызметтер, балалар мен жастар бірлестіктеріндегі қызмет, түрлі деңгейдегі бірге басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру, жаратылыстануғылыми және гуманитарлық циклдары пәндерінің «Өзін-өзі тану» пәнімен кірігуі, элективті курстар: «Физика жүрек үнімен», «Математика рухани-адамгершілік заңдары туралы ғылым ретінде», «Тарихтың адамгершілік тағылымдары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» және т.б. жүргізу. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және студенттік медиа-орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды дәріптеу. Психометриялық және социометриялық тесттер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): толеранттылық және ғаламдық пікір; көпмәдениеттілік және көптілділікті; мәдениетаралық әрекет; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын; қарым-қатынас мәдениетін; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына;

шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігін барлық мәдениеттен айқындауда «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасын кіріктіру, жастарда әралуан мәдениеттер мен халықтардың бірлігін көру біліктілігін дамыту. Үйірмелер, әдеби клубтар және т.б.; театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға саяхаттар; шығармашылық кештер, оқушылар жұмысының көрмелері, байқаулар; белгілі тұлғалармен, өнер қайраткерлерімен және т.б. кездесулер;

Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; білім беру ұйымдарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеяларын құру арқылы жүзеге асырылады.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылық; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

Іске асыру механизмдері Сабақтар, дене тәрбиесі сабағы, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелер, «Өзін-өзі тану» АРБ бағдарламасы аясында репродуктив денсаулық, нашақорлық, маскүнемдік, темекі тарту және АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстар, семинар-тренингтер; денсаулық фестивальдері, спартакиадалар, қауіпсіздік бағдарлар өткізу; ақпараттық-диагностикалық материалдар дайындау және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін; Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметті; Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын; Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін; Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, тандау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру:

1. Тәрбие жұмыстарын жетілдіру, бақылау, басқаруды іске асыру барысында қосымша білім берудің оқу бағдарламалары негізінде білім алушыларға жағдай жасауды, яғни:

- өзін-өзі басқаруын;
- шығармашылығын дамытуын;
- олардың қабілеттілігін іске асыруын;
- қоғам өміріне бейімделуіне;
- азаматтық сана-сезімін;
- жалпы мәдениетін;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруын;

1-11 сыныптардың және мектеп алды сыныптардың бос уақытын мазмұнды өткізуін ұйымдастыру

1. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында аудан мектептері арасында мектеп деңгейіне сай мерекелік іс-шаралар өткізу;
2. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмысын бақылау;
3. Оқушыларды өзінің Отаны - Қазақстан Республикасын сүйуге, адамгершілікке, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелеу;
4. Мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктер және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды үйлестіру;
5. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, сынып жетекшілерінің, педагог-психологтардың, тәлімгерлердің тәрбие жұмыстарына басшылық пен бақылау жасау;
6. Мектептердегі сыныптан тыс жұмыстардың орындалуын бақылау;

7. Мектеп жанынан ұйымдастырылған жазғы сауықтыру лагерінің жұмысына басшылық жасау;
8. Мемлекеттік органдар қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстел, семинар-кеңестер ұйымдастыру;
9. «Жас қыран», «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жұмысына әдістемелік көмек беру;
10. Сынып жетекшілер, әдістемелік бірлестігіне және үйірме жетекшілеріне, тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік көмек беру;
11. Тәрбие ісі мамандарының арасында байқаулар мен семинарлар өткізу
12. Тәрбие ісі мамандарының білім жетілдіру курсынан өтуін ұйымдастыру;
13. Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау, зерттеу, таратуды ұйымдастыру;
14. Тәрбие жұмысы бойынша БАҚ-да мақалалар жариялау;
15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген

1. Сынып жетекшілері мен мұғалімдермен жүргізілетін жұмыс:

- сынып жетекшілерінің жылдық тәрбие жоспарын бекіту және қадағалау;
- ғылыми-зерттеу жұмыс ұйымдастыру;
- семинарлар, конференциялар, жиындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;
- шығармашылық топпен жұмыс;
- озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, зерттеу, тарату;
- жас мамандармен жүргізілетін әдістемелік жұмыс;
- тірек мектептері, тақырыптары, әдістемелік көмек беруді ұйымдастыру;
- аудандық іс-шараларға қатыстыру;

1. Мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыс:

- өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру;
- семинарлар, конференциялар, жиындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;
- шығармашылық топпен жұмыс, шығармашылығын дамыту;
- семинарлар, конференциялар, жиындар, дөңгелек үстелдеру, байқаулар ұйымдастыру;
- оқушылардың қабілетігін іске асыру;
- қоғам өміріне бейімдеу;
- азаматтық сан-сезімін қалыптастыру;
- жалпы мәдениетін қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері келесі әдіснамалық негіздерге сүйенеді:

Құндылықты (аксиологиялық) көзқарас – адамзаттың түсінігімен және рухани-адамгершілік мазмұнымен анықталатын адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қатынасы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне сүйену.

Антропологиялық көзқарас – тәрбие тақырыбы ретінде адам туралы білімнің барлық деректерін және олардың есебін біртұтас педагогикалық процесті құруда және іске асыруда жүйелі қолдану.

Тұлғалық-бағдарлы көзқарас – өзара байланысты түсініктер, іс-әрекет идеялары мен тәсілдер жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру процесін қолдау, оның дербестігін дамыту.

Қызметтік көзқарас – педагог өз тәрбиеленушілерін мақсат қою және іс-әрекетін жоспарлау, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік талдау және іс-әрекет нәтижелерін бағалауға үйретуі үшін қажет баланың іс-әрекетін

қалыптастыру, таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісі позициясына ауыстыру бойынша арнайы жұмысты талап етеді.

Құзыреттілік көзқарас – тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, оқушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыру мен олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығын ескеру.

Әлеуметтік көзқарас – тұлғаның мақсаты мен міндеттеріне әлеуметтік шынайылықтың ықпалын ескеру, осы ықпалдың адам және қоғамға тигізер педагогикалық салдарлары.

Жүйелілікті көзқарас – нысанды оны құрайтын бөліктердің жиынтығына қосылмайтын және иерархиялық құрылымы бар күрделі құрылыс ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелі қарастыру құрылымдық компоненттерді, олардың қызметін бөліп көрсетуді, қызметтік-иерархиялық байланыстар орнатуды, жүйекұраушы факторларды анықтауды, сыртқы байланыстар талдауын қажет етеді.

Тұтастық көзқарас – білім алушы тұлғасының зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуының бірлігін анықтайтын педагогикалық процестің мәнін көрсетеді.

Синергетикалық көзқарас тәрбиені тура себеп-салдарлы байланыстарға негізделмеген, белгілі бір деңгейде өздігімен ұйымдастырылатын процесс ретінде емес, керісінше бір мағыналы емес, заңды және кездейсоқ, болжанған және стихиялы, ретті және ретсіз сияқты көптеген ішкі және сыртқы ықпалдармен келісілген процесс ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдамалық негіздер тәрбие процесінің келесі принциптерін іске асыруды жорамалдайды:

Гуманистік бағыт принципі – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізінде өзара әрекет стратегиясы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар принципі тәрбие рухани-адамгершілік дәстүрлер мен ұлттық және әлемдік мәдениет нормаларына негізделуі қажет деп сендіреді.

Мәдени сәйкестілік принципі – тәрбие мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және ұлттық мәдениеттердің жалпыадамзаттық құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

Үздіксіздік принципі – тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның күші мен қабілетін, кәсіби және жалпымәдени өсуін барынша толық жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін байыту.

Табиғи сәйкестілік принципі – табиғат дамуының ортақ заңдарының басымдығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында білім алушылардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

Тұтастық принципі оқу және оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі когнитивті құрамдасты қалыптастырады; сабақтан тыс қызметте эмоционалды-құндылықты мінез-құлық компоненті дамиды.

Этникалық принцип – тәрбиені ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған ұлттық мазмұнмен толтыру, барлық азаматтар үшін ана тілінде білім алу және қарым-қатынас жасау үшін, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді зерттеуге жағдай жасау.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қызмет бабындағы нұсқауы.

1. Тәрбие жұмыстарын жетілдіру, бақылау, басқаруды іске асыру барысында қосымша білім берудің оқу бағдарламалары негізінде білім алушыларға жағдай жасауды, яғни: ----Өзін-өзі басқаруын; ----шығармашылығын дамытуын; ----қабілеттілігін іске асыруын; ----қоғам өміріне бейімделуін; азаматтық сана-сезімін; ----жалпы мәдениетін; ----салауатты өмір салтын қалыптастыруын; ----оқушылардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруын көздейді.
2. Білім беру ұйымы жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады, басқарады және бақылайды.
3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында мектеп деңгейіне сай мерекелік іс-шаралар өткізеді.
4. «Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен кәмелетке толмаған жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту» тақырыбында жүргізілетін тәрбие алаңы жұмыстарын бақылауға және басшылыққа алады.
5. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын-алу туралы» Заңының (2004 жыл, 9 шілде) орындалу барысында жұмыс жүргізеді.

6. Дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтап, есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізеді.
7. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу комиссиясының жұмысын басқарады.
8. Отанын сүйуге, адамгершілікке, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелейді.
9. Мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктер және ұйымдармен бірлескен жұмыстарды үйлестіреді.
10. Сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, аға тәлімгердің тәрбие жұмыстарын қадағалайды және бірлескен жұмыс жүргізеді.
11. Мемлекеттік органдармен кездесулер дөңгелек үстел, семинар-кеңестер ұйымдастырады.
12. Сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін мерекелік іс-шаралар барысында құжаттардың жүргізілуіне тікелей жауапты.
13. «Жас қыран» ұйымының жұмысын жетекшілік етеді.
14. «Жас ұлан» ұйымдарымен жұмыс жүргізеді. 15. Дене шынықтыру, психология, экономика, еңбек, ән-күй пәндері әдістемелік бірлестіктеріне жетекшілік етеді. (Ескерту: мектеп басшыларының мамандықтарына сәйкес міндет бөлісуіне қарай өзгерістер болуы мүмкін)

Директордың тәрбие іс жөніндегі орынбасарының атқаратын қызметі

Күнделікті

1. Мектептегі кезекшілікті және өзіне-өзі қызмет көрсетуін ұйымдастыру;
2. Сынып жетекшілерімен жұмыс ұйымдастыру, әдістемелік көмек, кеңес, т.б;
3. Өз бетімен білім алу және әдістемелік материалдарды жинақтау;

Апта сайын

1. ҚР Мемлекеттік гимнінің орындалуын қадағалау;
2. Әр дүйсенбіде оқушылар сап түзеуін (линейка) ұйымдастыру, қатысу;
3. Оқушылардың тазалық күнін өткізуін қадағалау;
4. Сабақтан тыс 2 тәрбиелік іс-шараға қатысу;
5. Тәрбие мәселелері бойынша сынып жетекшілерімен кеңесу, әдістемелік көмек көрсету;
6. «Қиын», және қиыншылық туғызатын оқушылармен жұмыс жүргізу;

Ай сайын

1. Өзін-өзі басқару ұйымының отырыстарына қатысу;
2. Ата-аналармен кездесу;
3. Танымдық жорықтар мен мәдени орталықтарға саяхат ұйымдастыру;
4. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің отырысына қатысу;
5. Аудандық, қалалық кәмелетке толмаған жасөспірімдер бөлімімен байланыста болу;
6. Әкімшіліктің айлық жоспарды құру кеңесіне қатысу;

Жылына 2 рет

- 1.Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтымен байланыста болу (тамыз,қаңтар)
- 2.Демалыс (каникул)кезінде мәдени іс-шаралар ұйымдастыру;
- 3.Сынып жетекшілері семинарын өткізу;
- 4.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу;
- 5.Тәрбие жұмысына қорытынды сараптама жасау,есеп беру (желтоқсан,маусым);
- 6.Тәрбие жоспарына өзгерістер енгізу (қажет болса);

Жылына 1 рет

- 1.Тәрбие жұмысы жоспарын бекіту;
- 2.«Ең таңдаулы сынып жетекшісі» байқауын өткізу;

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі бойынша жүргізілетін жұмыстар жоспар

№	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1.	«Мәңгілік елдің — мәңгілік тілі» дөңгелек үстел тәрбие сағаты	Қыркүйек 1-11 сынып	ДТІЖО сынып жетекші
2.	«Мәңгілік елдің ұрпағы - біздің болашағымыз» тәрбие сағаты	Қазан 5-8 сынып	ДТІЖО
3.	«Мәңгілік елдің ұлттық <u>құндылықтары</u> » тәрбие сағаты	Қараша 9-11 сынып	ДТІЖО сынып жетекші
4.	«Қазақстанның Тәуелсіздігі және Нұр-Сұлтан» тәрбие сағаты	Желтоқсан 1-11 сынып	ДТІЖО, сынып жетекші
5.	«Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» тәрбие сағаты	Қаңтар 5-8 сынып	ДТІЖО, сынып жетекші

6.	«Мәңгілік ел – менің арманым!» тәрбие сағаты	Ақпан 1-4 сынып	ДТЖО, сынып жетекші
7.	«Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы — мемлекетіміздің» дөңгелек үстел	Наурыз	ДТЖО, сынып жетекші
8.	«Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» тәрбие сағаты	Сәуір 5-8 сынып	ДТЖО, сынып жетекші
9.	«Зайырлы қоғам және жоғары руханият» тәрбие сағаты	Мамыр 9-11 сынып	ДТЖО, сынып жетекші

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

ҚР мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге бағытталған іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімдерін ояту. Мемлекеттік тілді, ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеу дағдыларын қалыптастыру.

Құндылықтары: Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұранға деген терең құрмет сезімін қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздердің пайда болу тарихын, олардың мағынасы мен әрбір азаматтың өміріндегі маңызын түсіндіруге, еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы рөліне ерекше назар аударуға, қазақстандықтар санасында басты құндылықтарымыз болып табылатын тәуелсіздік, ынтымақ пен келісім ұғымдарын бекітуге, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге, Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталуы тиіс.

Нәтиже: Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады

№	Өткізілетін іс-шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1.	ҚР Рәміздерінің идеологиялық маңызын түсіндіру «Ата-заңым-ардағым» тәрбие сағат	Қыркүйек 1-11	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2.	ҚР Рәміздерін құрметтеу «Рәміздерім мақтанышым»	Қазан	ДТІЖО

	тәрбие сағаты	1-4 сынып	Тарих пәні мұғалімдері
3.	ҚР Рәміздерін құрметтеу «Гимн-елдігімнің жыр әні» тәрбие сағаты	Қараша 9-11 сынып	ДТІЖО Сынып жетекшілер
4.	ҚР Рәміздерінің идеологиялық мәнін түсіндіру тәрбие сағаты	Желтоқсан 9-11 сынып	ДТІЖО Сынып жетекшілер
5.	«Менің Отаным-Қазақстан» тәрбие сағат	Қаңтар 5-8 сынып	ДТІЖО Сынып жетекшілер
6.	«Өзге елде сұлтан болғанша,өз елінде ұлтан бол» тәрбие сағаты	Ақпан 5-8 сынып	ДТІЖО Сынып жетекшілер
7.	Мемлекетіміздің Рәміздері мен құқық негіздері туралы әңгіме 1-11сын. (буклеттер,суреттер жинау) «Елім менің Қазақстан» сурет байқауы	Наурыз 1-11 сынып	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
8.	ҚР Рәміздерінің мәнін түсіндіру Тәрбие сағаты.	Сәуір 1-4 сынып	ДТІЖО Сынып жетекшілер
9.	Қазақстан Республикасының Рәміздерін құрметтеу. Бейнеролик көрсету	Мамыр 5-9	ДТІЖО Сынып жетекшілілер

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Жасөспірімдер арасында патриоттық сананы қалыптастыру және туындаған мәселені құқықтық мәдениет арқылы шешу, рухани қажеттілікті, адамгершілікті қалыптастыру мақсатында мектептерде құрылған «Толеранттылық клубының» жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1.	«Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу» тәрбие сағаты	Қыркүйек 5-8 сынып	ДТІЖО сынып жетекші
2.	«Патриотизм және ұлт аралық қарым-қатынас» тәрбие сағаты	Қазан 9-11 сынып	ДТІЖО кітапханашы
3.	«Мен, сен және ол-бәріміз бірге бір елміз» тәрбие сағаты	Қараша 1-4 сынып	ДТІЖО сынып жетекші
4	«Толеранттылық мәдениетті қалыптастыру» тәрбие сағаты	Желтоқсан 9-11 сынып	ДТІЖО сынып жетекші

4.	«Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр» тәрбие сағаты	Қаңтар 5-8 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекші
5.	«Этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісім» дөңгелек үстел	Ақпан 9-11 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекші
7.	«Біз көршіміз-біз доспыз» тәрбие сағаты	Наурыз 1-4 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекші
9	«Толеранттылық бейбітшілікке апарар жол» тақырыбында семинар тренинг	Сәуір 9-11 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ психолог
10	«Толеранттылық тәрбиелеу-отбасынан басталады» тәрбие сағаты	Мамыр 5-8 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекші

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспары

№	Шаралардың атауы	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
1 бөлім. Ұйымдастырушылық-дайындаушылық іс-шаралар				
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы қызметін ұйымдастыру	Қыркүйек	9-11	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекшілер
2	Мектеп тәрбиелеушілік жұмысы жоспарын, сынып жетекшілер жұмысының жоспары, «Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	1-11	ДТІЖО,ӘБЖ
2 бөлім. Күнтізбелік іс-шаралар жиынтығын жүзеге асыру				

6	«Адал болу адамға не үшін қажет»; тәрбие сағаты	Қыркүйек 1-4 сынып	9-11	ДТІЖО,ӘБЖ сынып жетекшілер
7	«Біздің таңдауымыз – құқықтық мемлекет» құқықтық мемлекеттің қызмет атқаруының базалық ұстанымы, біздің елде құқықтық мемлекеттің қызмет атқару ерекшелігі туралы дөңгелек үстел	Қазан	1 – 4 5 – 8 9 – 11	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
8	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы	Қараша	5 – 6	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
9	Ар – ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты адамгершілік және құқықтық мәдениетке баулу.тәрбие сағаты	Желтоқсан	5 – 8	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
10	«Жемқорлықпен қалай күресеміз» пікір – сайыс	Қаңтар	9 – 11 сынып	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
11	Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті және басқаны да насихаттауға бағытталғын әңгіме	Ақпан	5 - 8	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
12	«Мемлекеттік қызмет - елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы	Наурыз	9 – 11	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер
13	Театрлық қойылым(көрініс):	Сәуір	1– 4	ДТІЖО,ӘБЖ

	<p>- <i>Ұят пен адалдық туралы</i></p> <p>1-ші сыныптар,</p> <p>-<i>Мейрімділік пен қайырымдылық</i> 2-ші сыныптар,</p> <p>-<i>Жауапкершілік құндылықтары туралы</i></p> <p>3-ші сыныптар,</p> <p>- <i>Адалдық пен әділеттілік туралы</i></p> <p>4-ші сыныптар</p>			Сынып жетекшілер
14	«Жемқорлықпен қалай күресеміз» пікір – сайыс.	Мамыр	8-11	ДТІЖО,ӘБЖ Сынып жетекшілер

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Баланы қорғау сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру.

Құндылықтары: . Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету.

2. Отбасы мен мектепке ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.
3. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.
4. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін күшейтуде үнемі жәрдемдесу.
5. Сынып ұжымы дәстүрлерінің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жалпымектептік ата-аналар жиналысы; -ата-аналар комитетінің төрайымын тағайындау; -жаңа оқу жылында өтілетін іс-шара жоспарымен таныстыру;- өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру	Қыркүйек Қаңтар	ДТІЖО Ата-аналар комитетінің төрағасы

2.	Ашық әңгіме; «Бала өз міндетін дұрыс білгені жөн»	Жылына 2 рет	8-11 сынып жетекшілері
3.	Ата-аналармен кездесу: -ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету;-«Ананың көңілі балада,баланың көңілі далада»; -«Оқушының бос уақыты». Сауалнама толтыру.	Қазан Сәуір Үнемі	Педагог-психолог
4.	Дөңгелек үстел;«Дені сау,рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің рөлі»	Қаңтар	ДТІЖО Кітапханашы
5.	Пікірсайыс; «Басты назар бала тәрбиесі»	Кезінде	Педагог-психолог
6.	КТІЖБ инспекторымен кездесу	Кезінде	ДТІЖО
7.	Құқықтық оқыту; -ҚР «Неке және отбасы туралы»заңы -ҚР «Бала құқығы туралы»заңы -ҚР «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»заңы	Тоқсан сайын	ДТІЖО Құқық пән мұғалімі
8.	Сайыс: «Өнегелі отбасы»	Наурыз	Аға тәлімгер
9.	Ата-аналар комитетінің отырысы; -жылдық есеп; -жаңа оқу жылын жоспарлау;	Мамыр	ДТІЖО әлеуметтік педагог

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Сынып жетекшілерімен жүргізілетін жұмыс жоспары

Максаты: Сынып жетекшілерін оқу-тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерімен, тәрбие жұмысын заман талабына сай ұйымдастыру жолдарымен және тәрбие саласына қатысты құқықтық-нормативтік құжаттармен таныстыру.

Құндылықтары: Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту; балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу; өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;

Нәтиже: Сынып жетекші-кәсіпкер педагог, бала үшін, жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеруге оқушы қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы. Оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал жасаушы.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Пікіралмасу:	Қыркүйек	ДТІЖО

	«Басты мақсат бала қиялын ұштау»	Қаңтар	ӘБЖ
2.	Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар мен мүмкіндіктерін анықтау сауалнамасын жүргізу	Әр тоқсанда	ДТІЖО Психолог
3.	Жас сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру	Кезінде	ӘБЖ
4.	Сынып жетекшілер жиналысын өткізу	Ай сайын	ДТІЖО психолог Әлеуметтік педагог
5.	Сынып жетекшілерінің жұмыстарын бағалау көрсеткіштерін (рейтинг) шығарып отыру	Тоқсан сайын	ДТІЖО, ӘБЖ
6.	КТІЖБ инспекторымен кездесу: «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»	Әр тоқсанда	ДТІЖО Кітапханашы
7.	Әңгіме: «ЖҚТБ-ғасыр дерті»	Қараша	Медбике
8.	Педагогикалық кеңес: «Балаға қуаныш пен бақыт қалай беріледі»	Қазан Ақпан	ДТІЖО әлеуметтік педагог
9.	Кеңес: Сабақтан себепсіз көп қалатын, ескертусіз сабақтан кететін және ата-анасы тарапынан бақылаусыз, қараусыз қалған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізу	Үнемі	ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
10.	Мекен-жайы бойынша рейд жұмыстары	Кесте бойынша	ДТІЖО, сынып жетекші
11.	Сынып жетекші байқауы (сырттай)	Сәуір	ДТІЖО, сынып жетекші
12.	Сынып жетекшілерінің жылдық есебі, жаңа оқу жылына жоспары	Мамыр	ДТІЖО, ӘБЖ

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Мектепте өтілетін дәстүрлі мерекелік іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Оқушыларды мектеп өмірінің қалыптасқан дағдылары мен дәстүрлі мерекелерін сақтау және жалғастыруға үйрету.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Білім күн мерекесі: Алғашқы қоңырау -«Армысың мектебім!»	Қыркүйек	ДТІЖО, сынып жетекші
2.	Денсаулық күні: -«Денсаулығым - бар байлығым»	Қыркүйек	Дене тәрбие мұғалімдері
3.	Мұғалімдер күні: -«Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік»	Қазан	Аға тәлімгер, Кітапханашы
4.	Қамқорлық акция: -« Жылы жүрек – жомарт қол »	Жылына 2рет	Психолог, әлеуметтік-педагог
5.	1 желтоқсан -Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күні»	желтоқсан	ДТІЖО, сынып жетекші

6.	1 желтоқсан-дүниежүзілік ЖҚТБ-ға қарсы күрес күні	Қараша	Мейірбике, сынып жетекші
7.	Желтоқсан оқиғасы - «Ар-намысым, қасіретім, қуанышым – Желтоқсан!»	Желтоқсан	ДТІЖО, Сынып жетекші
8.	16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні: -«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»	Желтоқсан	ДТІЖО, сынып жетекші
9.	Жаңа жыл ертеңгіліктері: -«Аяз ата бізде қонақта» 1-4 сынып; -«Шырша аясындағы әуендер» 5-7 сынып; «Балмаскарад» 8-11 сынып	Желтоқсан	ДТІЖО, Аға тәлімгер, сынып жетекші
10.	8-наурыз	Наурыз	ДТІЖО, сынып жетекші
11.	«Қош келдің,әз Наурыз!» 1-11 сынып	Наурыз	сынып жетекші
12.	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні – «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем- Қазақстан»	Мамыр	ДТІЖО сынып жетекші
13.	7-мамыр-ҚР Қарулы күштері күні	Мамыр	аға тәлімгер сынып жетекші
14.	9мамыр-Жеңіс күні: -«Бейбіт күн жасасын әлемде»	Мамыр	ДТІЖО сынып жетекші
15.	«Сыңғырла,соңғы қоңырау» салт.жиын	Мамыр	ДТІЖО
16.	1маусым Халықаралық балаларды қорғау күні:-«Бар мейіріміміз балаларға» 1-4сынып	Маусым	аға тәлімгер
17.	Мектеп бітіру кеші: -«Қош бол,алтын ұя,мектебім!»	Маусым	ДТІЖО сынып жетекші

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Қыз балаларымен жүргізілетін жұмыс жоспары

р/с	Жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жүргізілетін жұмыстар түрі	Жауапты адамдар
1.	Қыз балалар жиналысын өткізу	Әр тоқсан сайын	Жиналыс, семинар, тренинг	ДТЖО Сынып жетекші Қыздар кеңесі
2.	Шешеге қарап қыз өсер	Қазан	Тәрбие сағаты	ДТЖО Сынып жетекші. Қыздар кеңесі
3.	Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	Қараша	кездесу	ДТЖО Сынып жетекші. Мектеп медбикесі

4.	<i>«Қызға қырық үйден тыю»</i>	Желтоқсан	Пікірталас кеші (баяндама)	ДТІЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
5.	<i>«Қыздар сұлу көрінер қылығымен»</i>	Қаңтар	Сауалнама жүргізу (Пікір талас)	ДТІЖО Сынып жетекші. Психолог
6.	<i>«Иманды қыз, аяулы ана»</i>	Ақпан	Тәрбие сағаты (дөңгелек стол)	ДТІЖО Сынып жетекшісі
7.	Аяулы аналарға құрмет! <i>«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»</i>	Наурыз	Аналармен кездесу	ДТІЖО Сынып жетекші. Психолог
8.	<i>«Қыздарға не жарасымды?»</i>	Сәуір	Сынып сағаты	ДТІЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
9.	<i>«Қыздар төрайымының жылдық есебі»</i>	Мамыр	Кеш	ДТІЖО Сынып жетекші. Психолог

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Ер балаларымен жүргізілетін жұмыстар жоспары.

№	Жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жүргізілетін жұмыстар түрі	Жауапты адамдар
1.	Ер балалар жиналысын өткізу	Әр тоқсан сайын	Жиналыс, семинар, тренинг	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
2.	Әкеге қарап ұл өсер	қазан	Тәрбие сағаты	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі
3.	Ұлдар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	қараша	Кездесу	Аға тәлімгер Сынып жетекші. Мектеп медбикесі
4.	Темекіден аулақ бол.	желтоқсан	Пікірталас кеші	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі

				Ұлдар кеңесі
5.	Ата-анаңмен сырласасың ба?	қаңтар	Сауалнама жүргізу	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі
6.	Ер азамат атына лайық бол!	ақпан	Тәрбие сағаты	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
7.	Аяулы аналарға құрмет!	наурыз	Аналармен кездесу	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
8.	Жат ағымдардан аулақ болайық!	сәуір	Сынып сағаты	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі Ұлдар кеңесі
9.	Мамандықтың бәрі жақсы!	мамыр	Кеш	Аға тәлімгер Сынып жетекші. АӘД пән мұғалімі Ұлдар кеңесі

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

**Құқық бұзушылықтың алдын алу барысында атқарылатын
іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектептегі тәртіп бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу	Қыркүйек	педагог-психолог, сынып жетекші
2.	Ерекше назардағы оқушыларды есепке алу (журнал, жеке папка арнау)	Кезінде	ДТІЖО, педагог-психолог
3.	Әңгіме: -«Қылмыс және жасөспірім»; -«Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (суицид) әрекеттерінің алдын алу» 8-11 сынып	Әр тоқсанда	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы, Психолог
4.	Ерекше назардағы оқушылармен, олардың ата-аналарымен жеке	Үнемі	ДТІЖО,

	профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардың бос уақытында қабілеті мен жас ерекшелігіне қарай үйірме жұмыстарына тарту		КТІЖБ инспекторы
5.	МАИ қызметкерлерімен оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу 1-4 сынып	Жылына 2 рет	Аға тәлімгер
6.	Наркология орталығының маман дәрігерлерімен бірлесіп зиянды заттардың жас организмге зияны тақырыбында әңгіме өткізу	Тоқсан сайын	Мейірбике
7.	Мөлтек ауданы бойынша адамдар көп шоғырланған жерлерге, базарлар, қараусыз қалған үйлер, ойынханалар, би алаңдары мен түнгі клубтарға кешкі уақыттарда рейтер ұйымдастыру	Кесте бойынша	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы
8.	«ЖҚТБ-ның алдын алу және онымен күресу орталығы» маман дәрігерлерінің жасөспірімдермен кездесуін ұйымдастыру	Қараша	ДТІЖО, Мейірбике 8-10 сынып
9.	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында іс-шаралар өткізу	Әр тоқсанда	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы 8-10 сынып
10.	Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, қала, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын уақытында тапсыру	Үнемі	ДТІЖО, әлеуметтік педагог, КТІЖБ Инспекторы
11.	Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылармен, олардың ата-анасымен жұмыс	Ай сайын	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы,
12.	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы заңнамалардың орындалуы. (ІБ өкілдерімен дөңгелек үстел өткізу)	Ақпан 8-10 сын.	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы
13.	«Қыздар кеңесі», «Жас полициялар» тобы және «Жас қыран» «Жас ұлан» ұйымдарының жұмыстарын жандандыру	Ай сайын	ДТІЖО, аға тәлімгер
14.	Оқушылар арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау	Үнемі	ДТІЖО, әлеумет. Педагог

мақсатында бірінғай мектеп формасы болуын қадағалау		
---	--	--

Құқық бұзушылықтың алдын алу барысында атқарылатын іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Қылмыс және жеткіншек»	Қыркүйек 5-10 сынып	психолог, сынып жетекші
2.	« Құқық әлемінде» тәрбие сағаты	Қазан 5-8 сынып	ДТІЖО, Психолог
3.	« Балалардың құқықтары туралы» заңы	Қараша 1-11 сынып	ДТІЖО Психолог
4.	«Заң білімі – заман талабы» Адам құқығы	Желтоқсан 7-10 сынып	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы
5.	«Тәртіп және біз» бейнеролик көрсету	Қаңтар 5-8 сынып	Аға тәлімгер
6.	«Балаларды кері ықпалдан қорғау»	Ақпан 8-9 сынып	Мейірбике
7.	Нашақорлық, маскүнемдіктің алдын алуға арналған лекциялар	Наурыз 9-11 сынып	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы
8.	«Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тәрбие сағат	Сәуір 1-4 сынып	ДТІЖО, Мейірбике

9.	«Насыбай: құрамы және зардабы туралы» ақпарат сағаты	Мамыр 9-11 сынып	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы

Бекітемін: _____

«Майқоңыр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Аудандық ІІБ кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істер жөніндегі бөлімінің бірлескен жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектептегі тәртіп бұзушылыққа бейім оқушылардың есебін алу	Қыркүйек	ДТІЖО
2.	Ерекше назардағы оқушыларға жеке папка арнау	уақытында	ДТІЖО
3.	Өңгіме: «Қылмыс және жасөспірім», «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (суицид)әрекеттердің алдын алу»	Әр тоқсанда	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы
4.	Ерекше назардағы оқушылар мен, олардың ата-аналарымен	Үнемі	ДТІЖО

	жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардың үйірмелерге қатысуын қадағалау		КТІЖБ инспекторы
5.	МАИ қызметкерлерімен оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу:	қыркүйек ақпан	аға тәлімгер 1-5 сынып
6	Наркодиспансер қызметкерлерімен бірлесіп, темекі шегу, алкогольизм, нашақорлық, таксикоманияның жас организмге зияны тақырыбында әңгіме өткізу	Кезінде қыркүйек ақпан	Мейірбике 6-7сынып 8-10сынып
7.	Мөлтек ауданында рейд жұмыстарын жүргізу	Кесте бойынша	ДТІЖО, КТІЖБ инспекторы
8.	ЖҚТБ (СПИД) орталығы маман дәрігерлерінің жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс жүргізу үшін кездесу ұйымдастыру 8-10сынып	Желтоқсан Сәуір	ДТІЖО Метбике
9.	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс-шаралар өткізу 6-10сынып	Әр тоқсанда	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы
10	Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, қала әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын тапсыру	Үнемі	ДТІЖО, әлеуметтік педагог КТІЖБ инспекторы
11	Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылар мен олардың ата-анасымен жұмыс жүргізу. (ҚР заңнамаларымен таныстыру)	уақытында	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы сынып жетекші

Бекітемін: _____

«Майқоныр ЖОББМ» КММ

директоры Г.Ж.Мустафина

Жол-көлік инспекциясымен бірлескен жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Жас полиция»тобын құру «Жолда жүру ережесі» бұрышын жасау	Қыркүйек	Тәлімгер
2.	«Абайлаңыз,балалар!»атты апталық іс-шара	Қыркүйек 1-4 сынып	сынып жетекші
3.	«Жол ережесін білу-бәріне міндет» Сайыс сабақ	Қазан 1-4 сынып	сынып жетекшілер
4.	Әңгіме: «ЖОЛЫ БОЛСЫН ӘРКІМНІҢ, ОРЫНДА ЖОЛ	Қараша	ДТІЖО,

	ТӘРТІБІН!»	5-7сынып	сынып жетекші
5.	Тәрбие сағаты: «Жолда өту ережесін сақтаудағы оқушылардың қатысы және жол ережесін білу»	Желтоқсан 5-8 сынып	ДТІЖО, Сынып жетекші
6.	Тәрбие сағаты: «Қыста жол бойында ойнау-қауіпті»	Қаңтар 1-8 сынып	Аға тәлімгер, сынып жетекші
7.	Жол-көлік инспекциясы қызметкерлерімен кездесу	Ақпан 5-9 сынып	ДТІЖО Аға тәлімгер
8.	«Өмірімізді сақтайтын- бағдаршам!» Сурет конкурсы	Наурыз 1-6 сынып	Аға тәлімгер
